

Пайдалданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. - <https://adilet.zan.kz>
2. Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы N 2529 Конституциялық заңы.- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002529>
3. Назарбаев Н.А. О положении в стране и об основных направлениях внутренней и внешней политики на 2002 год. Ежегодное послание Президента республики народу Казахстана // Казахстанская правда. - 2001.- 4 сентября.
4. Нашиц А. Правотворчество. Теория и законодательная техника. - М.: Прогресс, 1974,- 256 с.
5. Керимов Д. А. Законодательная техника. - М.: РАН, 1997.-С.11.

РИЭЛТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

*Жағалов Р.Б., Азаматтық және еңбек құқығы
кафедрасының аға оқытушысы
Садепхан А. Заң факультетінің 3 курс студенті*

Қазіргі таңда елімізде баспанасыз, пәтерден пәтерге қоныс аударып жүрген көшпенді халық көп. Ел ішіне тұрақты тұратын мекенжайы бар адамдардың аздығы жылжымайтын мүлік саласындағы риэлторлық қызметтің қарқынды дамуының жетекші факторына айналып отыр. Осы бүгінде сөз болып отырған риэлторлардың қызметінің тиімді тұстарының көп болғанымен халыққа зиянын тигізетін олқылықтарының аз емес екендігі анық. Жалпы кез-келген құбылыстың жақсы және жаман тұсы болатыны сынды осы қызмет иелерінің халыққа пайдасы бір сыпыра болғанымен, кейде зияндары да еселеп тиіп жататындығы бар. Еліміз Тәуелсіздігін еншілеп, егемендіктің жаңа ғасырына аяқ баспастан бұрын яғни сонау 90-шы жылдардан бері мұндай маман иелерімен біздің халық таныс болмаған еді. Қалай жаңа ғасыр төріне аяқ басқаннан бергі яғни 2000 жылдардан кейін ауыл халқының қалаға бытырай көшу үрдісімен бірге басталған

еді. Сол кезде осы жылжымайтын мүлік саласында «риэлтор» атауы мен әйгілі болған жаңа қызметте бірге енді. Риэлторлық қызметпен Қазақстан Республикасының барлық кәмілет жасына толған есі дұрыс, әрекет қабілеттілі бар адамдардың барлығы айналыса алады, бұл құқықтар тұрғысынан еліміздің заңдары ешкімге ешқандай шектеу қоймаған, соған сай барлық азамат риэлтор бола алғанындай кез-келген азамат осы риэлтордың көмегіне жүгіне алады. Жалпы енді осы «риэлтор» сөзінің мағынасына тоқталсақ, ауыз екі тілде бұл сөзге «делдал» деп анықтама береміз. Яғни баспана іздеуші тұлғамен сол баспананың арасын жалғайтын тұлға. Енді жалпы біздің заңгерлер тілмен айтар болсақ, риэлтор деген «Жылжымайтын мүлікті жалға алушы клиентпен жылжымайтын мүлікті жалға беруші арасындағы келісімді реттейтін компания немесе ұйым қызметкері» Жалпы елімізде мұндай қызмет түрін реттейтін заң әлі күнге дейін қабылданбаған, осыған орай Қазақстан риэлторларының біріккен қауымдастығының президенті Асқар Мұқашев «Жылжымайтын мүлік нарығында жасалған келісім-шарттың 50 пайызы ұйымдаспаған нарыққа тиесілі. Біздің қауымдастықтың жүргізген зерттеуіне сүйенсек, республикамызда жыл сайын жылжымайтын мүлікке қатысты сомасы 2 миллиард долларды құрайтын шамамен 5000 келісім-шарт жасалады екен. Міне, осындай орасан көлемді сомаға қарамастан, бұл келісім-шарттың тең жартысы ұйымдаспаған нарыққа, ал 35 пайызы «қара маклер» деп атаушыларға тиесілі. Яғни жылжымайтын мүлік нарығынан жылына алынбай қалған (жалтарылған) салық шамамен 700 мың долларды құрайды. Сондықтан алдағы екі жылдың ішінде еліміздегі риэлторлар мен девелоперлер қызметін реттейтін арнайы заң қабылдау керек» деген еді. Тек Асқар Мұқашев қана емес басқада осы салада жүрген риэлторлар өздерінің құқықтарын заңдастырып, мүдделерінің заң жүзінде жүзеге асқанын қалайтындарын жеткізуде. [1]

Бұл қызмет иелерінің халықтың қаланы білмейтін немесе өздеріне керек үйді таба алмай жүрмеуі үшін жағдай жасап, қолайлылық турдырғандығымен кейде осы кәсіп иелерінің заңсыз жұмыс жасап шикілік тудыратын кездерінде естіп жатамыз. Оған себеп осы кәсіп иелері біздің мемлекетімізде ешқандай оқу орынынан арнайы білім алмағандығы. Яғни бұл қызмет түрі мамандық ретінде қарастырылмайды, диплом берілмейді. «Мемлекеттік есеп бойынша, Қазақстанда риэлтолық қызмет көрсететін 2 мыңнан астам компания бар. Ал, оның 15-іне ғана ресми сертификат берілген. Аттестациядан өткен риэлтор мамандарының саны бар жоғы 200 ғана» [2] Осы

ақпаратқа сүйенер болсақ демек елімізде қалған мыңдаған азамат заңсыз қызмет түрін көрсетуде. Арнайы білімді алмаған адам өзге де заңдарға пысқырыпта қарамасы сөзсіз. Ал біз «атестаттанған адам» деп кімді айтамыз және де ол адамдардың қарапайым сертификатсыз, қызмет иелерінен айырмасы қандай? Бүгінде осы риэлторлық қызметке қолданылатын нақты заңның болмауының салдарынан осы қызмет аясында «Қазақстан Республикасының, Азаматтық кодексі», «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» және «Кәсіпкерлік Кодекстерімен» қатар «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 508 Заңы мен «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі N 310 Заңдарымен «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 Заңдары қатар қолданылады. [3] Осы заңдарда релторлардың міндеттерімен құқықтары анық ашып көрсетілмеседе клиенттің құқықтарымен міндеттері, жарнама саласындағы құқықтар туралы, тағысын-тағылар тайға таңба басқандай анықта айқын жазылған. Заңды білетін адам заңның шегімен шекарасын айыратыны анық. Ал заңды білетін маман ол клиентпен сөйлесу этикетімен сыпайылық ережелерін заң талаптарын біледі және қатаң сақтайды. Осыдан да болар клиентпен риэлтордың арасындағы сөзге келіспеушілік, риэлтордың дәрекілік танытуы немесе өзгеде этикетке қайшы келетін мінез-құлық көрсетілетін тұстар аз емес. Осы олқылықтың кесірінен каншама қарапайым халық өздерінің соңғы ақшасын осы риэлторларға санап беріп соңында не үй, не ақшасыз қалатын кездер көп кездесуде. Иә, бұл кәсіп түрінің шешілмеген тағы бір түйінінің бірі осында болып отыр. Риэлторлық компанияға жұмысқа тұруда, немесе жеке дара бұл кәсіппен шұғылдануда ешкімге еш қиындық тудырмағандай алдап ақша жымқырып кетуде әсте қиын емес. Осы басы релторлықпен басталып соңы алаяқтықпен аяқталған бұл істің құрбаны болған халық әсте көп. Тіпті ондай таныстар меніңде сіздіңде таныстарыңыздың арасынан кездесуі мүмкін. Тәртіп бойынша риэлтор арадағы делдал ғана емес, барлық келісімді үйлестіретін ұйымдастырушы, риэлтордың басты міндеті клиентінің көңілінен шығатын сапалы және қаражаты қарын тойдыратын қанағаттандырарлық баспана ұсыну. Бірақ Қазақстанда жақсы, сапалы қызмет көрсететін осы саладағы қызметкерлер жоқтың қасы. Кез-келген азамат жылжымайтын мүлік саудасымен айналыса алады.

Бұл қызметпен айналысу оңай болғандықтан тұзы жеңіл, және қалай адамдарды сендіру, жарнама жасау оңай болса дәл солай алдап кетуде қиын емес. Бұл қызметке заң жүзінде ешқандай кедергі, шектеу жоқ. Бірақ бір қарағанға оңай көрінгенмен, тиімді сияқты болғанымен, кәсіптің көлеңкелі тұсы жетерлік, нақтылап назар салсақ кей істердің соңы қылмысқа да ұласуда.

Қазіргі таңда Құқық қорғау органдары жалған риэлторлықты алаяқтық қатарына қосқан. Бұл қылмыс түрінің керегесі кең болғандықтан дөп басып қанша адамның алаяқтар құрбанына айналып қалтасынан қағылып жатқандығын басып айта алмаймыз. Алайда осындай алаяқтардың құрбанының біріне айналған Кристина Бубенко ақшасынан қағылған. Осыдан бірер жыл бұрын ол бас шаһардағы жалдамалы пәтерін ауыстырмақшы болған еді. Мәселені тездетіп шешу үшін тегін жарнама сайтынан риэлтор іздейді. Біреуімен телефон арқылы хабарласып, көңілі қалаған ауданнан пәтерді бірге қарауға келіседі. Кездескен бетте Кристина риэлторға шарт қояды ол сөзінде пәтер таза, қандаласыз болуға тиіс. Осыған келіскен риэлтор иесі апта соңында босататын пәтер ұсынады. Кристина Бубенконің аитуынша сол күні пәтер жалдау туралы келісім-шартқа отырдық. Мен оған пәтер ақының алдын ала бір бөлігі мен көрсеткен қызметінің ақысын бірден төледім. Бәрін қоса есептегенде шамамен 50 мың теңге шықты. Сөйтіп, апта соңында одан хабар күттім. Бірақ ол хабарласпады. Өзім телефон шалып хабарласқанымда «пәтер босады, тек бір ғана мәселе бар. Онда қандала бар» деді. Әрине, Кристина пәтерден бас тартып, басқасын табуды сұрайды. Бірақ іс созылып кетті. Ақыры ақшадан да, пәтерден де құр қалғанын түсінген ол полицияға арызданады. Сөйтсе, дәл сол риэлтордың үстінен бұған дейін шағым түсіргендер бар екен. Бірақ өзге қалаға тайып тұрған риэлтордың ізіне сол күйі ешкім түспеді. Жалпы заңды белден басып, халықты алдайтын мұндай риэлторлардың әрекеті алаяқтық ретінде тіркеледі. Бірақ қанша адамның олардан зардап шегетіні туралы ресми статистика жүргізілмейді.[4]

Риэлторлардың бірлескен қауымдастығының кеңесшісі Нина Лукьяненко «Мемлекеттік органдар көлденең келген көк аттылардың риэлторлықпен айналысуына жол бермеуге тиіс. Мысалы, бүгінде риэлтор атану үшін жеке кәсіпкерлік нысанын тіркеу жеткілікті. Сайтта өтініш қалдырып, кәсіпкерліктің аясын белгілесен болды. Қағаз жүзінде рұқсат берілген соң ісінді қалағанынша жүрізуіне

болады. Алайда жылжымайтын мүлік нарығында қызметінді ұсынбас бұрын ұлттық стандарттармен танысып, біліктілікті растайтын сынақтан өту керек деп ойлаймын» деп алаяқтардың «риэлтор» деген атты пайдаланып өзге осы сала қызметкерлерінің абыройына дақ түсірмесе екен дейді. [4] Енді жалпы неге барлық осы сала қызметкерлері аттестаттаумен сертификаттаудан өтпейтіндігі туралы зерттеп көрелік? Сертификатталған риэлтор болу үшін алдымен лицензияға қол жеткізудің шарттарымен танысу керек. Яғни, құзыретті органға белгілі құжаттарды тапсыру керек. Мемлекеттік сынақтан өту үшін де, межелі ұпайды жинау үшін де орасан дайындық қажет. Сонымен қатар риэлтор болу үшін міндетті түрде арнайы курсты тәмамдауға тиіс, осылайша ғана арнайы лицензияға қол жеткізе алады. Әдеттегідей мұндай курстар ақылы болады ол жерде риэлторлық қызмет этикасынан бастап жылжымайтын мүлікті сатудың құқықтық нормалары, жалпы кәсіптің өзге де қыр-сыры етене үйретіледі. Оқу аяқталған соң мемлекеттік емтиханға дайындық басталады. Айы, күні белгіленген сынаққа кіру үшін де мемлекетке жарна төленеді. Қажет ұпай жинап, сынақтан сәтті өткендерге арнайы сертификат беріледі. Сол сертификат пен өзге де құжаттарды болашақ риэлтор құзырлы органға апарып тіркейді. Міне, осыдан кейін ғана риэлторлық қызметпен ресми түрде айналысуға рұқсат беретін лицензияға қол жеткізе алады. Қарап отырсақ мұның бәрі біріншіден ұзақ уақытпен қаражатты талап етеді. Осылайша адамдар жеңілдің үстімен, ауырдың астымен жүруді жоспар етіп мұндай тауқымет кешуден қарағанда, оңай жолмен риэлтор болуды тандайды. Әрине қолда арнайы шынайы лицензиясы болмаған риэлторға алдына келіп тұрған аңқау халықты алдау түкте емес. Шынайы лицензиямен сертификатқа қол жеткізу мемлекеттік тіркеуге тұру ол алаяқтар үшін өздері келіп берілгенмен тең болғандықтан, олар көбіне осы сынды сертификаттардың жалған түрін жасатып не сатып алатын жайттарды да кезіктіруге болады.

«Бүгінгі таңда Қазақстан риэлторлары бірлескен қауымдастығы (ҚРБҚ) еліміздің жоғары оқу орындарында риэлторлар даярлайтын бөлім ашу бастамасын қолдап отыр. Өйткені бізде олардың біліктілігін арттыратын арнаулы оқу орыны жоқ. Десек те аталған қауымдастыққа мүше «ARE», «Umex», «ЦКН», «Абсолют» сияқты агенттіктерде оқу бағдарламасын АҚШ Риэлторлар академиясымен біріге отырып түзген «Риэлторлар мектебі» жұмыс істейді. Қазақстан риэлтерлер қауымдастығының риэлтерлер мектебінде ғана бастауыш

және кәсіби білім жетілдіру курстары бар. Бұл мектептің жұмыс істеп жатқанына 6-7 жылдың жүзі болып қалды. Өз курстарымызды жасауға американ риэлтерлер қауымдастығы көмектест», - деген еді Қазақстан риэлторларының біріккен қауымдастығының вице-президенті Гүлшара Дүйсембаева. [2] Қазір елімізде 2007 жылдың 19-шы сәуірінде Алматыда өткен риэлторлардың III құрылтайы қарсаңында бекітілген «Риэлторлар күні» мерекесі де бар. [5] Бұл қызмет иелері тіпті мемлекет заңдастырмаса өз өзімізді өзіміз заңдастырамыз деген ұранды ұстанған тәрізді. Себебі елімізде бұлай тойланатын атаулы күндер тек айшықты маман иелерімен өзге де мемлекеттік маңызы бар мерекелермен, күндерде ғана тойланады.

Негізінде, өркениетті елдердің тәжірибесіне сүйенсек, сатып алушы не жалға алушы риэлторлық қызметке пайыздық ақы төлемейді. Дамыған елдерде мемлекет азаматтардың құқығын қорғау үшін риэлторлық қызметті реттеуге белсенді араласады. Мәселен, АҚШ-та, Германияда, Канада да риэлторлықты реттеуге қатысты нақты талап қойылған. Ұлыбритания, Бельгия, Испания елдерінде де осындай қызмет нарығын реттеу қызметі ерекше назарда. Еуропа елдерінде жеке меншіктің иесі сататын үйін алушыға өзі көрсетпейді, риэлторлардың көмегіне жүгінеді. Әрбір сатылатын нысанда риэлторлық компанияның байланыс телефоны көрсетіледі. Бірінші кезекте олар ұсынылатын қызметтің сапасына жауап беруі тиіс. [6] Шет елдер тәжербиесін негізге ала отырып осы жылжымайтын мүлік саласындағы риэлторлық кәсіптің заңды әрі сенімді болуына жағдай жасалса дейміз. Осылайша еліміздегі халықтың тұрғын үй табу мәселесінің бір шеті шешімін тауып, алаяқтардың құрбанына айналған адамдар саны кеміп, сол алаяқтардың қолында кеткен есепсіз ақшаның ысырап болының тежеуіші болар еді деп санаймыз.

Жылжымайтын мүлік саласындағы бұл риэлторлық қызметтің кем кетік тұстарының жөнделуі үшін осы салаға қосар заңгер ретіндегі өз үлесіміздің болуы заңды. Риэлторлық қызмет көрсету Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес азаматтық-құқықтық келісімдердің және басқа да жылжымайтын мүлік объектілер операцияларының жасалуы кезіндегі тұтынушыға ұсынылатын қызметтері. Риэлторлық қызмет көрсету туралы келісім шарт жақтары болып орындаушы – риэлторлық бірлестік басқарушысы немесе келісімшартқа қол қоюға құқылы басқа тұлға мен клиент – риэлторлық қызмет пайдаланатын тұтынушы саналады. Келісімшарт объектісі, келісімшартта анықталған риэлторлық қызметтің тізімі

болып табылады. Келісімшартта қызметтің құны немесе оны анықтау тәртібі көрсетіледі. Риэлторлық компаниялар ұсынатын қызмет ақысы Республика бойынша келісімнің 3%-ын құрайды. Республикамызда «Қазақстан Риэлторлары бірлескен қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі қалыптасқан. Ол қауымдастыққа кіретін риэлторлардың кәсіпкерлік бағыттағы мақсаттарын жүзеге асыру үшін белгілі бір тәртіппен құрылған және тіркелген риэлторлық бірлестіктердің кәсіби ұйымы. Риэлторлық бірлестік, бұл риэлторлық қызмет көрсететін заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер. Риэлторлық компаниялардың қызметі жылжымайтын мүлік саласына кәсіпқой мамандарды тарта отырып, бәсекелестігі жоғары жылжымайтын мүлік нарығын қалыптастыру болып табылады. [7]

Осы жылжымайтын мүлік саласындағы кәсіптің бір түріне айналған бұл келесімді заңдастырып, қоғамдағы риэлторлардың айшықты орынын бекітуіміз керек деп санаймыз. Біздің тұжырымдауымызша егерде бұл қызмет саласы заңдастырылмай осылай жалғаса беретін болса еліміздегі қылмыстармен, құқық бұзушылықтардың саны артып, халықтың билікке деген және өзге отандастарымызға деген сеніміне селкеу түседі деп ойлаймыз. Бұл кеселдің бетін қайтару үшін не істеу керек, қандай шарамен айналысу керек және қандай заң қабылдау керек. Біз жоғарыда аталып өткен Асқар Мұқашевтің ойын қолдай отырып «Риэлторлық қызмет» туралы жаңа заң қабылданса дейміз. Сонда келешекте бұл қызмет заңдастырылып алаяқ риэлторлардың қарасы кеміп, заң бойынша жұмыс жасайтын қызметкерлер ғана осы салада қалады еген сеніміміз мол. Сонымен қатар осы жаңа заңды қабылдау қарапайым халықтың қалтасын қағатын тұрақсыз риэлторлық қызметтің ақысында реттер еді. Себебі бүгінде бұл жеке меншік сала болғандықтан олардың көрсететін қызмет түрінің құныда тәуелсіз яғни әр түрлі. Бүгінгі нарыққа көз жүгіртіп қарар болсақ бұл қызметтің бағасы қарапайым он-он бесмың теңгеден басталып отыз-қырық мың кейде өздерін сапалы қызмет көрсетеміз деп бағалайтын релторлардың бағасы одан да асқақтап шарықтап тұр. Сапалы үй, келешек қоныс тебетін қолайлы орын іздеген халық бұл қызметтен әсте ақшаларын аяп қалмайды, себебі біздегі қазақтың бойында «арзан дүние арзан қызмет сапасыз» деген ұғым қалыптасқан, осылайша бағасы шарықтаған қызметкерлер халықтың қалтасын қағып ақ кетеді. Ал кей бірі тіпті қалта қақпақ түгілі ізім-ғайым жоқ болыпта кететін кездер жетерлік. Біздегі келесі тастар ұсыныс осы саладағы келісім

шарт мәселесін бір жақты ету. Яғни Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне жаңа тарау еңгізіп ол тараудың атын «Риэлторлық қызмет саласындағы келісім» деп атаса дейміз. Азаматтық кодекске бұл қызмет саласын еңгізу бұл риэлторлықтың мәні мен мағынасын, түсінігін ашып, халыққа қолайлылығын таразылар еді. Осы салаға қойылатын талаптармен шектеулер, құқықтармен міндеттер және мүмкіндіктер қарастырылса қараша халықтың болашақтағы осы жылжымайтын мүлік саласына деген көз қарасы өзгерер еді. Әр қазақтың баспаналы болуы, сол үйде тамыр жайып алаңсыз бейбіт күн кешуі еліміздің кемел керелешегінің қаланған бір кірпішіне айналарына біз сенеміз.

Қарапайым халықтың алаяқтарға алданып қолындағы қаражатынан айырылуының басты бір себебі халықтың кәсіби қызметкерлерге жүгінбеуінде және сол қомақты қаражатты ұсынып отырған қызметкердің кәсібилігіне зерттеу жүргізбеулерінде болып отыр. Осы жылжымайтын мүлік саласындағы кемшіліктердің орынын толыру қарапайым халықтың әл-ауқатының реттелуіне өзіндік бір үлесін қосар еді. Елімізде жасалып жатқан қылмыстардың саны кеміп, баспанасыз жүрген талай қазақ өз отанында, өз үйлерін иеленіп жатса нұр үстіне нұр болады. Осы ережелер жүйеленіп, кәсіби тұрғыда сұрыпталса, бұл нарыққа қатысушылардың барлық іс-қимылы халықаралық талаптарға сәйкес, ашық және айқын болса еліміздегі тыныштықтың тетігінің бірі сол боларына сенеміз. Әр жерде тентіреп жүрген қазақтың басының қосылуы, өз отауында, өз жақындарымен тыныштықта өмір сүруі біздегі басты мұрат. Риэлторлықтың жай-жапсары, оңымен солының ажыратылуы осы мәселенің бір шетіне шығуы еді бүгінгі мақаланың мақсаты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Тұрғын үй нарығын «Риэлторлық қызмет туралы» заңмен реттейтін уақыт жеткен жоқ па?» [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер https://alashainasy.kz/one_theme_two_opinions/turgyin-uy-naryigyin-rieltorlyik-kyizmet-turalyi-zanmen-retteytn-uakyit-jetken-21963/
2. «Риэлторлардың қызметі неге заңмен реттелмейді?» Ақбота Мұсабекқызы [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер <https://baribar.kz/5982/rieltorlardynh-qyzmeti-nege-zanhmen-rettelmejdi/>
3. «Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі» [Электронды ресурс] (өзгерістермен

және толықтырулармен) // Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ.URL:
<https://adilet.zan.kz/kaz>

4. «Қазақстанда риелторлық қызмет қашан реттеледі?» Бакыт Топтаева, Азамат Саметов, Жандос Айтбай, Григорий Беденко, Әсел Орынтаева [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/494286-aza-standa-rieltorly-yzmet-ashan-retteledi>

5. «Риэлторлық реттеле ме?» [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер <https://inbusiness.kz/kz/news/rieltorlyk-rettele-me>

6. «Риэлтордың міндеті. Ол қандай қызметі үшін ақша алады?» [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер <https://informburo.kz/kaz/elaynasy/rieltordyn-mindeti-ol-qandai-qyzmeti-usin-aqsa-alady>

7. «Жылжымайтын мүлік экономикасы» Оқулық / / Ақпараттық жүйелер Авторлар: Сагинова Б.К., Бименова А.Е Алматы, 2014, 76 б.

ВЛАДЕНИЕ НАВЫКАМИ РАБОТЫ В ЦЕНТРАЛИЗОВАННОЙ АВТОМАТИЗИРОВАННОЙ БАЗЕ ДАННЫХ КУИС МВД РК КАК ПОКАЗАТЕЛЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ ПЕРСОНАЛА ПЕНИТЕНЦИАРНОЙ СИСТЕМЫ

Жамиева Ж.Б.,

*магистрант юридического факультета Карагандинского
университета имени академика Е.А. Букетова,*

Республика Казахстан

*Научный руководитель: профессор кафедры уголовного права,
процесса и криминалистики, к.ю.н., ассоц. профессор*

Аманжолова Б.А.

В новую цифровую эпоху каждый опытный пользователь смарт технологий имеет возможность дистанционно получить соответствующие услуги, как частных организаций, так и государственных учреждений.

На сегодняшний день, Республика Казахстан лидирует среди стран СНГ по цифровизации уголовного процесса - от подачи заявления до вынесения решения суда в электронном формате, тем самым, обеспечивая доступ к соответствующей информации и возможности безбумажного документооборота. Переход